22267005778

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 3 ақпан №5165-25-00-2/73 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.Рүстем, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Арыс аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «GORIZONT» Әбдіманап Дәулет Әнуарұлы.

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану.
2. Тұрақсыздық сомасын өндіру.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып,**сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Арыс аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «GORIZONT» Әбдіманап Дәулет Әнуарұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «GORIZONT» Әбдіманап Дәулет Әнуарұлынан Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Арыс аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 1 975 (бір мың тоғыз жүз жетпіс бес) теңге

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 03.02.2025
Заңды күшіне енген күні: 11.03.2025, судья Рүстем Б. М., 11.03.2025

тұрақсыздық айыппұл мен 59,25 (елу тоғыз теңге жиырма бес тиын) теңге мемлекеттік баж өндірілсін өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «GORIZONT» Әбдіманап Дәулет Әнуарұлынан мемлекеттің пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Б.Рүстем**

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 03.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 11.03.2025, судья Рүстем Б. М., 11.03.2025